**Бекітемін:** 

**МДТЖО Шетеева Л.М.**

**№1 ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА** 01.09

**Тәрбиеші : Балдақ Г.А.**

**Вариативтік компонент :** Триз ойындары

**Тақырыбы**: «Мектеп–менің екінші үйім»

**Мақсаты**: Мектеп қызметкерлерімен таныстыру,олардың еңбектері жайлы толығырақ мағлұмат беру Сурет бойынша әңгіме құрастыру арқылы сұрақтарға жауап беруге үйрету. Сурет бойынша ойын тиянақты жеткізе білуге баулу. Балаға өз ойын жүйелі түрде айта білуге үйету арқылы зейінін дамыту. Балабақшада достарымен, үлкендермен қарым – қатынаста кішіпейіл болуға тәрбиелеу.

**Әдіс- тәсілдері:** Сұрақ-жауап, түсіндіру, ароматерапия

**Қолданылатын көрнекілік**: мектептің суреті, қажетті суреттер.

**Алдын ала жүргізілетін жұмыстар:** сурет бойынша әңгіме құрастыру жұмыстарын жүргізу.

**Билингвальды компонент:** *мектеп- школа -*

| **Іс-әрекет кезеңдері** | **Тәрбиеші әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Топқа Ойыншық келіп:<br>**О:** -Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бұл жерде неге бәрің жиналып тұрсыңдар?<br>**Т:** -балалар өзінің балабақшасына арнап жақсы тілектерін айту үшін ортаға жиналды. Кел, сен де қосыл бізге.<br>**О:** -сонда қалай? Тілек деген не?<br>**Т:** -қазір көресің, балалардың айтқанын мұқият тыңдап тұр!<br>Балалар шаттық шеңберіне дөңгелене тұрып, өз мектебіне деген жылы тілектерін айтады.<br>**О:** -енді түсінікті. Мен де мектепкекелгенді өте ұнатамын. Сондықтан мектептен қалмай сендер де келіп отырыңдар деп тілеймін! | Балалар Ойыншықпен амандасып, балабақшасына деген жылы тілектерін айтады.<br>-Менің мектебім биік болсын!<br>-Мектепте ойыншықтар көп болсын!<br>-Мектепте балалар тәртіпті болсын! т.б. |
| **Ұйымдастыру-іздестіру** | ***Д/ойын: «Кім болам?»***<br>***Мақсаты:*** Балалардың сөздік қорларын молайту. Байланыстырып сөйлей білуге | Болашақта кім болғылары келетінін айтып, |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | үйрету.<br>***Шарты:*** Ойыншық «тілші» болады. Ойыншық балаларға «Болашақта кім боласың?» деп сұрақ қойып сұхбат алады.<br>***Қимылдау.***<br>-Балалар, кане, бәріміз көздерімізді жұмып, көз алдымызға балабақшаны, ойын алаңын елестетіп, аулада өсіп тұрған гүлдердің иісін иіскейікші.<br>*(балақтың айнып жерлерін білу)*<br>- Балалар, бүгін біз сендермен балабақша жайында әңгімелесеміз.<br>-Қане, бәріміз мына суреттерге қарап әңгіме құрастырып көрейікші. Әңгіме құрастырғанда мына сөздерді қолданамыз: *тәрбиеші, ойыншықтар, әткеншек, құм.*<br>***Сергіту сәті:***<br>Бала, бала баламыз,<br>Бақшамызға барамыз.<br>Күні бойы қызыққа,<br>Батамызда қаламыз.<br><br>- Балалар, қазір мен сендерге Н.Әлімқұловтың «Балабақшам - байлығым» өлеңін оқып беремін. Ал сендер мұқият тыңдаңдар.<br>*(Балалардан мазмұнын сұрау)*<br>**О:** -балалар, сендер балабақшада кімдер жұмыс істейтінін білесіңдер ме?<br>**О:** -ал, сендерге кім дәмді тамақ пісіріп береді? Төсек-орындарыңды кім жуады? Ауланы кім сыпырады?<br>**Т:** - біздің балалар барлығында біледі, солай ғой балалар? Үлкендердің еңбегіне құрметпен қараймыз. Өз тобымызды таза ұстап білеміз. | Ойыншықпен тілдеседі.<br><br>Көздерін жұмып, не көргендерін, не сезінгендері жайлы айтады.<br><br>Суреттерге қарап мектеп жайлы әңгімелер құрастырады.<br><br>Қимыл-қозғалыстар арқылы сергіту сәтін жасайды.<br><br>Тәрбиешінің оқып жатқан өлең жолдарын мұқият тыңдап, онда не туралы айтылғанын тәрбиешімен бірге талқылайды.<br><br>Ойыншықтың берген сұрақтарына жауап беріп отырады. |
| **Қорытынды бөлімі** | **Т:** -Балабақшаға келген сендерге ұнайма? несімен ұнайды?<br>**О:** - Дұрыс, балалар! Ендеше мен сендермен дос боламын! Сендерге енді келіп тұрсам бола ма?<br>**О:** - жақсы, онда барып сендердің | Берілген сұрақтарға өз тараптарынан жауап айтады.<br><br>Балалар Ойыншыққа келіп тұруына рұқсат етеді. |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | айтқандарыңды кішкентай достарыма айтайын. | Ойыншықпен қоштасады. |

**Күтілетін нәтиже:** Мектеп жайлы хабардар болу; Суреттерге қарап шағын әңгіме құрау;Сұрақтарға толық жауап бере білу

Сканировано с CamScanner

Бекітемін: [signature]

МДТІЖО Шетеева Л.М.

**№2 ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА** 02.09

**Тәрбиеші : Балдзик Г.А.**

**Вариативтік компонент :** Триз ойындары

**Тақырыбы** Жыл мезгілі, жыл мезгілдеріндегі қарама -қайшылық

**Мақсаты** Қоршаған ортаға деген қызығушылығын күшейту, табиғаттағы өзгерістер жайлы білімдерін жүйелеу

**Қолданылатын көрнекілік** қорапша , орамал

**Алдын ала жүргізілетін жұмыстар:** жыл мезгілдеріне байланысты суреттер көрсету, күз мезгілі жайлы әңгімелесу

**Билингвальды компонент:** *күз–осень, қыс – зима, көктем – весна, жаз – лето*

| Іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиеші әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | 1 Тәрбиешінің көмекшісімен таныстыру<br>Тәрбиеші балаларға сандықты көрсетіп, ішінде не жатқанын табуды сұрайды<br>Балалардың ойын тыңдау<br>Содан соң сандықтың ішіндегі ойыншықты алып шығып, енді бұл менің (яғни тәрбиешінің көмекшісі) көмекшім деп таныстырады. Ол сендермен амандасқысы келеді | Балалар ойларын айтады.<br><br>Құыршақ балалармен амандасып шығады |
| **Ұйымдастырыңізестіру** | **2. Қуыршақ ауа райы жайлы әңгімелеседі.**<br>Оның үсті су. Тәрбиеші оның үстін сүртіп, онымен сөйлеседі<br>Т -сенің үстің неге су?<br>Қ -мен жаңбырды жақсы көремін<br>Т -жаңбыр жаман ғой, сен ауырып қалуың мүмкін<br>Қ -жоқ, жаңбыр жақсы, ол гүлдерді суарады, ағаштар тазарады, шалшықпен жүгіруге болады<br>Т -күннің көзі жақсы, ал жаңбыр жаман<br>Қ -жоқ, күннің көзі жаман, күн ыстық болса басым ауырады, су ішкім келеді, гүлдер солып қалады | Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | Т: -ал, біздің балаларға керісінше ұнайды. Адамдардың көңіл-күйлері жақсы, көтеріңкі болады. Балалар ойнағысы келеді. Қане, балалармен бір ойнап алайық, содан соң әңгімемізді жалғастырамыз.<br>**3. Қимылды ойын: *«Күн және жаңбыр»*.**<br>**4. Балалармен ауа райының қарама-қайшылығы жайлы әңгімелесу.** | Ойын ережесіне сәйкес қимылдар жасайды. Күн мен жаңбырдың жақсы-жаман жақтарын ажыратады. |
| **Қорытынды бөлімі** | 5. – Балалар, бүгін сендерге бүгінгі ойындарымыз сендерге ұнады ма?<br>- Несімен ұнады?<br>- Сендерге не қызықты болды? | Балалар өз ойларын айтып, ойыншық Қуыршақпен қоштасады. |

**Күтілетін нәтиже:** балалар жыл мезгілдеріне байланысты ауа райындағы өзгерістердің қарама-қайшылықтарын түсініп, ойын жеткізе білуге үйренеді.

Сканировано с CamScanner

Бекітемін: *[signature]*

МДТІЖО Шетеева Л.М.

**№3 ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА** 15.09

**Тәрбиеші :** Балдақ Г.А.

**Вариативтік компонент :** Триз ойындары

**Тақырыбы:** «Жыл мезгілі, жыл мезгілдеріндегі қарама-қайшылық» *(қайталау)*

**Мақсаты:** жыл мезгілдері жайлы балалардың білімін толықтыру. Әр жыл мезгілінің ерекшелігін айтқызып, үйрету; өз ойларынша сурет сала білуді дамыту, табиғатты сүйіп, оны қорғай білуге тәрбиелеу

**Қолданылатын көрнекілік:** түрлі түсті қарындаштар, жыл мезгілдеріне байланысты 4 түсті қағаз

**Алдын ала жүргізілетін жұмыстар:** жыл мезгілдеріне байланысты суреттер көрсетіп, әңгімелесу. Серуен кезінде табиғатқа бақылау жүргізу

**Билингвальды компонент:** *жыл мезгілдері – времена года, түнерiп – пасмурный*

| Іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиеші әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Жылулық шеңбері **«Мен және аспан»**<br>Балалардың назарын аспанның әдемілігіне аудару<br>-Балалар аспандағы бұлттарды түрлі заттарға ұқсатып айтайықшы: үлпілдек ақша бұлттарға, мейірімді жылы күнге, ай мен жұлдыздарға, қарлығашқа, бүркітке, түнеріп тұрған бұлтқа ұқсайды. | Балалар ойларын айтады. Тәрбиешімен бірге қайталайды. |
| **Ұйымдастыру-ізестіру** | Балалардың назарын тақтадағы суреттерге аудару<br>-Қандай жыл мезгілдері бейнеленген?<br>-Балалар, мына тірек сызбаға қарайықшы, нені суреттері салынған?<br>Балаға жыл мезгілінің бір суреті беріледі.<br>-Саған мынандай тапсырма: осы суреттегі жыл мезгілін тірек сызба бойынша сипаттап бер<br>**Дидактикалық ойын:** ***«Қай жыл мезгіліне сәйкес келеді?»*** Конверттен жыл мезгілдеріне тән суреттерді көрсетіп отырып, балалардан олардың қай жыл мезгілде болатынын сұрау. *Мысалы: сары жапырақтардың суреті көрсетіледі немесе қардың, жаңбырдың суреттері т.б.* | Балалар берілген сұрақтарға жауап беріп отырады<br><br>Тақтаға шыққан бала жыл мезгілін сипаттайды. |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | Сергіту сәті<br>Жаңбыр жауды тық-тық-тық,<br>Сен далаға шық-шық-шық<br>Жел гуледі гу-гу-гу,<br>Жапырақ ұшты лу-лу-лу.<br><br>Ал, балалар енді қолдарыңдағы қағаз түстеріне байланысты орындарыңа отыра қойыңдар.<br>Әр топ өзіне берілген түстің қай жыл мезгілі екенін ажыратып, сол жыл мезгіліне байланысты өзгерістерді қағаз бетіне бейнелейді. | Балалар тәрбиешінің көрсеткен суреттеріне қарап, қай жыл мезгіліне тән екенін айтады<br><br>Балалар өз орындарын тауып отырады.<br><br>Балалар қағаз бетіне өз қиялын бейнелейді. |
| **Қорытынды бөлімі** | Балалардың суреттерін бақылап, қорытынды жасау.<br>*«Жақсы және жаман»* ойыны арқылы балалардың білімдерін қорытындылау. | Әр топтың балалары қағаз бетіне не бейнелегендерін айтады. |

**Күтілетін нәтиже:** балалар жыл мезгілдеріне байланысты табиғатта қандай өзгерістер болатынын түсініп, білді.

Сканировано с CamScanner

**Бекітемін:** [signature]

**МДТІЖО Шетеева Л.М.**

**№4 ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА** 22.09

**Тәрбиеші : Балдзяк Г.А.**

**Вариативтік компонент :** Триз ойындары

**Тақырыбы**. «Заттар арасындағы қарама-қайшылық».

**Мақсаты**: әртүрлі заттардың қасиеттері жайлы білімдерін толықтыру, сыртқы белгілеріне байланысты заттарды ажыратып, топтастыра білу дағдыларын жетілдіру

**Қолданылатын көрнекілік**: қапшықтар, ойыншықтар, 2 қорапша, доп, ысқырғыш.

**Алдын ала жүргізілетін жұмыстар:**өтілген материалды қайталап, естеріне түсіру

**Билингвальды компонент:** *зат – предмет, жәшік – коробка, қапшық - мешочек.*

| Іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиеші әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | 1. **Ойыншықтарды әртүрлі белгілеріне байланысты ажырату.**<br><br>Қуыршақ қонаққа келеді. *(үлкен қапшығында бірнеше заттар бар).* заттарды алып үстелдің үстіне қояды. | Балалар заттардың атауларын атайды. |
| **Ұйымдастыру-ізденісті** | Қуыршақ кеткелі жатыр.<br><br>**Т:** -сен қайда кеткелі жатырсың?<br><br>-Мына ойыншықтарды орнына сал, міне 2 қорапша. Мына қорапшаға үлкен ойыншықтарды сал, ал, екінші қорапшаға кішкентай ойыншықтарды сал...жо-жоқ, мына қорапқа қызыл ойыншықтарды сал, ал, екіншісіне жасыл қорапшаға сал... жоқ-жоқ-жоқ. Мына қорапқа жұмсақ ойыншықтарды сал, ал, екінші қорапқа қатты ойыншықтарды сал.<br><br>**Қ:**-*(шатасады).*<br><br>**Т:** -сен мүлдем шатасып кеттің, ойыншықтарды түсіне қарай, көлеміне қарай немесе қандай матадан жасалғандығына қарай (пластмасса, ағаш, қағаз) ажырату қажет. Ал, түсіне қарай бөлу, ағаштан жасалғанына қарай бөлу дұрыс емес. Өйткені, мынау ағаш жасыл түсті жүк машинасын қайда салар едің?<br><br>**Қ:** -ой, мен шаршадым. | Балалар тәрбиеші мен Қуыршақтың әңгімесін мұқият тыңдап отырады.<br><br>Ойын ережесімен танысады.<br><br>Доппен ысқырғыштың жақсы-жаман жақтарын ажыратады. |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | **2.Қимылды ойын: «*Жүгіреміз*».(*кнүстеріне қарай әртүрлі бағыт көрсетіледі, соған қарай жүгіру*).<br><br>1. **Заттар арасындағы қарама-қайшылық жайлы әңгімелесу.**<br><br>Доппен ысқырғыштың жақсы-жаман жақтарын айту | |
| **Қорытынды бөлімі** | – **Балалар, бүгін сендерге бүгінгі ойындарымыз сендерге ұнады ма?**<br>- **Несімен ұнады?**<br>- **Сендерге не қызықты болды?** | **Балалар өз ойларын айтып, ойыншық Құыршақпен қоштасады.** |

**Күтілетін нәтиже:** балалар затар арасындағы қарама-қайшылықтарын түсініп, көлеміне, түсіне және неден жасалғанына байланысты ойын жеткізе білуге үйренеді

Сканировано с CamScanner

**Бекітемін:** *[signature]*

**МДТІЖО Шетеева Л.М.**

**№5 ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА** *29.09*

**Тәрбиеші : Балдзақ Г.А.**

**Вариативтік компонент:** Триз ойындары

**Тақырыбы:** «Заттар арасындағы қарама-қайшылық» *(жалғастыру)*

**Мақсаты:** әртүрлі мамандықтар жайлы балалардың білімін жүйелеу, объектінің қарама-қайшылықтарын ажырата білуге үйрету. Зейінін дамыту.

**Қолданылатын көрнекілік:** доп, кәмпит, пышақ, будильник.

**Алдын ала жүргізілетін жұмыстар:** өтілген материалды қайталап, естеріне түсіру.

**Билингвальды компонент:** *зат – предмет, жәшік – коробка, қапшық – мешочек.*

| **Іс-әрекет кезеңдері** | **Тәрбиеші әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Қуыршақ қонаққа келеді. (балалармен амандасады.<br>-Балалар, адамдарды кім емдейді?<br>-Жүргізуші немен айналысады?<br>-Тәрбиеші не істейді? | Балаларшеңберге жиналып, сұрақтарға жауап береді. |
| **Ұйымдастыру-ізденістіру** | 1. ***Қимылды ойын: «Жаттықтырушы»***<br>-Балалар, сендер циркке барғанды ұнатасыңдар ма? Циркте қызмет істейтін қандай мамандық нелерін білесіңдер? Циркті жақсы-жаман жақтарын айтып беріңдерші.<br>- Қанекей, «Жаттықтырушы» деген ойынды ойнайық. Сендер аңдар боласыңдар, ал мен Жаттықтырушы боламын. Аңдар әлі кішкентай, мен сендерге «Мархаббат» деген сөзді айтқанда ғана көрсеткен қимылды жасауларың қажет.<br>Мысалы: - аңдар мархаббат, секіріңдерші!<br>1. ***Дидактикалық ойын: «Дүкен».***<br>Қуыршақ сендермен «Цирк» ойынын ойнады, енді «Дүкен» ойынын ойнағысы келеді. | Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады.<br>«Мархаббат» деген сөзді естігенде секіреді. |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | Қ: -менің дүкенім жай емес, «Ертегі дүкені» болады. Маған ертегі кейіпкерлері келеді. Мен жағымды кейіпкерлерге жақсы заттарды сатамын, ал жағымсыз кейіпкерлерге сатпаймын.<br>Т: -жақсы, ендеше көрейік. Ойын жалғасады. | Балалар ертегідегі кейіпкерлер болып ертегі дүкенге келеді.<br>Ойынға қызығушылық танытып ойнайды. |
| **Қорытынды бөлімі** | 1. **«Қоңырау соғылады»**<br>Қоңырау сылдырлаған уақытта, Қуыршақ балаларға өзінің кететін уақыты болғанын айтып, балалармен қоштасып кетіп қалады.<br>Балалар, бүгін сендерге бүгінгі ойындарымыз сендерге ұнады ма?<br>- Несімен ұнады?<br>- Сендерге не қызықты болды? | Балалар ойыншық Қуыршақпен қоштасады<br>Берілген сұрақтарға жауап береді. |

**Күтілетін нәтиже:** балалар мамандықтар жайлы біліп, олардың қандай қызмет атқарып, олардың қандай көмек беретіндері жайлы біледі.

Сканировано с CamScanner

Бекітемін: [signature]

МДТІЖО Шетеева Л.М.

**№6 ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА** 06.10

**Тәрбиеші : Балдак Г.А.**

**Вариативтік компонент:** Триз ойындары

**Тақырыбы:** «Әртүрлі жағдаяттардағы қарама-қайшылық»

**Мақсаты:**. Әртүрлі өмірде кездесетін жағдаяттардағы қайшылықтырады шеше білуге, жақсы көңілді салауатты өмір сүруге үйрету.

**Қолданылатын көрнекілік**: бинт, мойыншалғы.

**Алдын ала жүргізілетін жұмыстар:** өтілген материалды қайталап, естеріне түсіру.

**Билингвальды компонент:** *мойыншалғы – шарф, бинт – бинт.*

| Іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиеші әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Қонаққа мойнын мойыншалғымен орап алған «ауырып қалған» қуыршақ келеді.<br>Ал, қуыршақ болса, ауырған жақсы дейді. Өйткені сен ауырып қалғанда «сені барлығы аяйды, үйде жатып күні бойы теледидар көремін, анашым әрдайым жанымда болады» дейді.<br>Тәрбиеші: - балалар, ауырғанның қандай жаман жақтары бар?<br>Балалардың ойын тыңдап ауырғанның жақсы және жаман жақтарының бар екенін талқылап, толықтырып, ауыруға болмайтынын айту. | Балалар қуыршақты аяп, ауыруға болмайды, ол жаман дейді.<br>Ауырғанның жаман жақтарын айтады. |
| **Ұйымдастыру-іздестіру** | ***Дидактикалық ойын: «Суық тию».***<br>1. *Балалар шеңберге жиналып, «Мысық пен тышқан» сияқты ойынның рөліне кіріседі. Бұл жерде бір баланың мойнына мойыншалғы орап ауырып қалған баланың рөлін ойнайды, ол балаларды шеңбер бойымен айналып қуып жетіп, ауруын жұқтыру керек болады.*<br>Ойын соңында суық тиіп қалмас үшін не істеу керек екені жайлы әңгімелесу.<br>**Әңгімелесу.** | Балалар ойынға қызығушылық танытып ойнайды.<br>Әр бала өз ойларын ортаға салады. |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | Дені сау адамның өмірі ауру адамға қарағанда көңілі көтеріңкі, өзін өте жақсы сезініп жүреді.<br><br>Қуыршақ түрлі жағдаяттарды айтады («теледидар қарау», «суға шомылу», «далада ойнау», «сурет салу» т.б.) ал, балалар осы жағдаяттардың жақсы және жаман жақтарын ажыратады.<br><br>Балалар, қандай жағдаят болмасын барлық нәрсенің өз жаман не жақсы жақтары болады. | Балалар қуыршақтың сөздерін тыңдап, оның жақсы-жаман жақтарын айтады. |
| **Қорытынды бөлімі** | Қуыршақ балаларға енді ауырмаймын, ауыруға жол бермеймін деп сөз береді. Балалармен қоштасады. | Балалар қуыршаққа «ауырмаңыз, тез жазылып кетіңіз» деп қоштасады. |

**Күтілетін нәтиже:** балалар ауырған бала мен сау баланың арасындағы айырмашылықтарды ажыратуға үйренді.

Сканировано с CamScanner

**Бекітемін:** 

**МДТІЖО Шетеева Л.М.**

**№7 ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА** 13.10

**Тәрбиеші : Балдақ Г.А.**

**Вариативтік компонент:** Триз ойындары

**Тақырыбы:** «Өлшемдерге байланысты қарама-қайшылықтар»

**Мақсаты** әртүрлі жағдаяттарды шешу арқылы ойлау қабілеттерін дамыту, өлшемге байланысты сипатын ажырата білуге үйрету,жануарлардың өлшемдерін салыстыра білу,айырмашылығын айтуға үйрету.

**Қолданылатын көрнекілік**: өлшемдері әртүрлі текшелер, жануарлар суреті салынған қима қағаздар.

**Алдын ала жүргізілетін жұмыстар:**ұзын қысқа, биік аласа ұғымдарын еске түсіру

**Билингвальды компонент:***өлшем-размер, кубик-текше*

| Іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиеші әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Балалар, бізге ойыншық қонаққа келіпті. Ол бізге өз басынан кешкен оқиға туралы айтқысы келіп тұр, қане тыңдап, оған көмек қажет болса көмектесейік.<br><br>Ойыншық: -балалар, кеше мені қонаққа шақырған еді, маған кішкентай қызыл үйге келесің деді Мен келдім сол көшеге *(текшелерді қоя бастайды)* бір қызыл үйге кірдім, жоқ ол емес , екіншіге кірдім, ол емес, сонымен мен қонақта бола алмай кеттім, үйді таба алмадым... | Балалар шеңберге жиналып, сұрақтарға жауап береді. |
| **Ұйымдастыру-ізденістіру** | -Қане, балалар біз оған көмек берелік.Оған қажетті үйді тауып берелік.<br><br>-Сен, мына үйге кірдің бе? *(үлкен текшеден жасалған үйді көрсетеді)*<br><br>-Жоқ, ол үлкен үй ғой, маған кішкентай қызыл үй деген.<br><br>-Сені кім шақырды?<br><br>-Менініл шақырды?<br><br>-Ой, бұл үй саған үлкен, ал пілге кішкентай ғой<br><br>-Ой, дұрыс айтасыз<br><br>-Ал, мына үй саған кішкентай*(кішіні көрсетеді)* , ал құмырсқаға үлкен.<br><br>Тәрб: -сондықтан бір нәрсе үлкен де, кіші де | Көмек беретіндеріне келіседі<br><br>Сұрақтарға жауап беріп отырады |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | болуы мүмкін бе?<br>-Ия, ол кімге, неге байланысты болады<br>Қызық ,ал мен үлкенмін бе, кішімін бе?<br>-Сен үлкен де, кішідесің. Балалар, біздің ойыншығымыз кім үшін ол үлкен? Ал кім *(не)* үшін кішкентай?<br>-Ал, сендер өздерің қандайсыңдар? Үлкенсіңдер ме, кішкентайсыңдар ма?<br><br>**2.Ойын «Үлкен-кіші»***(түрлі суреттерін қолданып, түрлендіруге болады)* Балалар шеңгелене жүреді. ***«үлкендер»*** дегенде қолдарын жоғары көтереді. ***«кіші»*** дегенде тізерлеп жүреді. осылайша «динозаврлар», балапандар деген команда беріледі.<br>**3.«Реті бойынша орналастыр»***жаттығуы*<br>Тәрбиеші әртүрлі жануарлардың суреті бар қима қағаздар көрсетеді *(тышқан, сиыр, мысық, ит, ат)* оларды бойларына байланысты ретімен орналастыру қажет. , ең кішкентайдан бастап орналастыру<br>Енді суреттер бойынша сұрақтар қойылады. Мысық үлкен бе, әлде кішкентай ма? Немен салыстырғанда үкен *(немен салыстырғанда кіші?)*<br>Қайсы үшін кішкентай ? *(мысалы мысық атқа қарағанда кішкентай)* | Ойынға қатысады<br><br>Ойынды қызығушылықпен ойнайды.<br><br>Ойыншықтарды ретімен орналстырады<br><br>Заттарды ретімен орналастырады.<br><br>Мысық пілге қарағанда кішкентай, тышқанға қарағанда үлкен. |
| **Қорытынды бөлімі** | Балалар біз заттарды, аңдарды өлшемдеріне қарай салыстыруды үйрендік. | Өз ойларын білдіреді |

**Күтілетін нәтиже:** өлшемдеріне байланысты заттарды салыстыра білуді үйрену.

Сканировано с CamScanner

Бекітемін: [signature]

МДТІЖО Шетеева Л.М.

## №8 ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА 20.10

**Тәрбиеші : Балдзак Г.А.**

**Вариативтік компонент:** Триз ойындары

**Тақырыбы:** «Мөлшерге байланысты қарама-қайшылықтар»

**Мақсаты** Мөлшерге байланысты жағдаяттарды шеше білу жолдарын түсіндіру, ойлау белсенділігін арттыру.

**Қолданылатын көрнекілік:** кәмпит

**Алдын ала жүргізілетін жұмыстар:**аз, көп, орташа мөлшер ұғымдарын түсіндіріп, естеріне түсіру.

**Билингвальды компонент:***мөлшер – количество*

| **Іс-әрекет кезеңдері** | **Тәрбиеші әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Топқа қолында кәмпиті бар Ойыншық қонаққа келеді. Қолындағы кәмпитін балаларға көрсетеді. | Балалар шеңберге жиналып, қуыршақпен амандасады. Ойыншықтың қолындағы кәмпитіне таңырқап қарайды |
| **Ұйымдастыру-ізденістіру** | **О:** - міне, кәмпит ала келдім, балаларға бергім келіп тұр<br>**Т:** - Бірақ сенде бір-ақ кәмпит қой, ал бізде қарашы балалар көп<br>**О:** - Осыда көп пе екен? Қайдан сендер көпсіңдер, сендер азсыңдар, ал циркте сендерге қарағанда балалар өте көп болады, ал сендерде аз!<br>**Т:** - Жоқ, аз дегеніміз – егер үйде бір немесе екі бала болса, ал бізде жиырма бала – ол көп!<br>**О:** - Балалар, сендер өздеріңді қалай ойлайсыңдар: көпсіңдер ме, әлде азсыңдар ма?<br>*Жағдайға байланысты талқылау барысында балалар бір шешімге келеді:* ***«Аз ба және көп пе»*** балалардың санына қарай салыстыру бойынша топта көп, ал басқа топтармен салыстырғанда – аз<br>**Т:** -бәрімізге бір-ақ кәмпит, ол әрине аз! | Балалар тәрбиеші мен ойыншықтың әңгімесін қызықтап тыңдап, жауап беріп отырады. |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | О: - бұл кәмпит біреулер үшін көп, олай болуы мүмкін бе?<br>Т: - Әрине, болуы мүмкін! Балалар, ойыншыққа көмектесейік кімдер үшін бір кәмпиттің көп болатынын<br>О: - ал, бір карбыз бұл көп пе әлде аз ба?<br>Т: көп те, аз да. Ол кім үшін соған да байланысты. Балалар, кайтадан кол ұшын берейік!<br>О: ал, толып тұрған бір бөшке су ше?<br>Б:Аз да және көп те. Кім үшін көп, кім үшін аз<br>*Дидактикалық ойын: «Аз – көп».*<br>Балалар кілемнің үстінде отырады. Балаларға әртүрлі жағдаяттарды айту, ал олар жауап кайтарулары тиіс. Егер «көп» десе балалар колдарын екі жака жіберіп кең ашады, «аз» болса екі алакандарын жақындастырады, ал егер «жеткілікті» десе онда колдарын бірін үстіне бірін қояды<br>Мысалы: *(құмырсқа үшін бір шелек су, піл үшін бір шелек су, әскан үшін бір ұшақ)* | Белгілеріне байланысты заттың «көп-аз» екенін ажыратады<br>Балалар қимыл-қозғалыспен көп-аз екенін көрсетіп отырады |
| Қорытынды бөлімі | Балалардың алған білімдерін сұрақ қою арқылы бекіту<br>• Балалар, куыршақ бізге қанша кәмпит әкелді?<br>• «Көп-аз» деген ойын сендерге ұнады ма? | Балалар сұрақтарға толық жауап беріп отырады |

**Күтілетін нәтиже:** Мөлшерге байланысты жағдаяттарды шеше білу жолдарын түсінді.

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | **О: - бұл кәмпит біреулер үшін көп, олай болуы мүмкін бе?**<br><br>**Т: - Әрине, болуы мүмкін! Балалар, ойыншыққа көмектесейік кімдер үшін бір кәмпиттің көп болатынын.**<br><br>**О: - ал, бір қарбыз бұл көп пе әлде аз ба?**<br><br>**Т: көп те, аз да. Ол кім үшін соған да байланысты. Балалар, қайтадан қол ұшын берейік!**<br><br>**О: ал, толып тұрған бір бөшке су ше?**<br><br>**Б:Аз да және көп те. Кім үшін көп, кім үшін аз.**<br><br>***Дидактикалық ойын: «Аз – көп».***<br><br>**Балалар кілемнің үстінде отырады. Балаларға әртүрлі жағдаяттарды айту, ал олар жауап қайтарулары тиіс. Егер «көп» десе балалар қолдарын екі жаққа жіберіп кең ашады, «аз» болса екі алақандарын жақындастырады, ал егер «жеткілікті» десе онда қолдарын бірін үстіне бірін қояды.**<br><br>**Мысалы:** ***(құмырсқа үшін бір шелек су, піл үшін бір шелек су, асхан үшін бір ұшақ)*** | **Белгілеріне байланысты заттың «көп-аз» екенін ажыратады**<br><br>**Балалар қимыл-қозғалыспен көп-аз екенін көрсетіп отырады.** |
| **Қорытынды бөлімі** | **Балалардың алған білімдерін сұрақ қою арқылы бекіту.**<br><br>• **Балалар, қуыршақ бізге қанша кәмпит әкелді?**<br>• **«Көп-аз» деген ойын сендерге ұнады ма?** | **Балалар сұрақтарға толық жауап беріп отырады.** |

**Күтілетін нәтиже:** Мөлшерге байланысты жағдаяттарды шеше білу жолдарын түсінді.

Сканировано с CamScanner

Бекітемін: [signature]

МДТІЖО Шетеева Л.М.

**№9 ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА** 27.10

**Тәрбиеші : Балзақ Г.А.**

**Вариативтік компонент:** Триз ойындары

**Тақырыбы** «Қарама-қайшылық белгілер»

**Мақсаты** жыл мезгілдеріне байланысты балалардың білімдерін жүйелеу, сөйлеу барысында антоним сөздерді қолдана білуге үйрету, ойлау қабілеттерін дамыту, «миға шабуыл» барысында топпен жұмыс істей білу машықтарына үйрету

**Қолданылатын көрнекілік** сыйлықтың қорабы.

**Алдын ала жүргізілетін жұмыстар:** өтілген тақырыптарды қайталап, пысықтау

**Билингвальды компонент:** *белгілер – признаки*

| Іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиеші әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | Қолында бос қорапшасы бар ойыншық қонаққа келеді. | Балалар шеңберге жиналып, «Ойыншықпен» амандасады. |
| Ұйымдастыру-іздестіру | **О:** - ой, қысты мен қалай жақсы көремін, өйткені қыста жаңа жыл мерекесі болады. Шыршаны әшекейлейміз. Аяз ата сыйлық әкеледі. мына қорапшаны мен былтырдан сақтап жүрмін. Жаңа жылды тосудамын. Қыста шана, шаңғы тебуге болады, қармен ойнауға болады, қардан қамалдар жасауға болады. Қыс менің ең сүйікті жыл мезгілім. Ол өте жақсы.<br>**Т:** - сен ғана қысты жақсы көрмейсің, біздің балаларға да ұнайды. Балалар, сендер қысты не үшін жақсы көресіңдер? Қыс жаңа жыл сыйлығымен жақсы, бірақ қыста тоңып қаламыз, мұзда тайғанап құлап қалуымыз мүмкін. Бұл жаман ғой.<br>**О:** - аа, сөйтсе қыстың «жақсы да, жаман да» жағы бар екен ғой. Оны сендер білесіңдер. Ал, маған қыстың жаздан айырмашылығын айтыңдаршы!<br>**Т:** -Кане, ойыншық сен біздің балалармен ойна. Сен жазда не болатынын айтып тұр, ал, балалар қыста не болатынын айтып тұр | Балалар тәрбиеші мен ойыншықтың әңгімесін қызықтап тыңдап, жауап беріп отырады. |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | О: - жақсы, мен бастаймын. Жазда ыстық. Ал қыста...<br><br>Б: - суық.<br><br>О: - жазда ағаштың жапырақтары бар, ал, қыста...<br><br>Б: - жапырақтар жоқ, жерде қар жатады.<br><br>Жазда күн ұзақ, ал қыста...<br><br>Жазда балалар көп жүреді, ал қыста...<br><br>*(осылайша балаларға өздігінен сұрақтар ойлап табуға мүмкіндік беру)*<br><br>**«Назар аудар!» ойыны:**<br><br>**Т:** -қане, балалар, «Жаз-қыс» ойынын ойнайық. Қыс дегенде сендер жүрелеп отыра қалып, тізелеріңді соғасыңдар. Ал, жаз дегенде орындарыңнан тұрып жүгіре бастайсыңдар.<br><br>***Жағдаятты шешу***<br><br>О: - менің әжем оңтүстікте тұрады. Ол ешқашан қарды көрмеген. Ал, атам, солтүстікте тұрады. Ол жақта қар ешқашан қар ерімейді. Мен қалай істесем екен? Менің әжем қарды көрсе... Ал, атама, шөптер мен ағаштарды көрсетсем (бірақ олар өз елдерінен көшкілері келмейді) осылайша балалар өздерінің әртүрлі ойларын айтады.<br><br>О: - рақмет, сендерге, мен оларға сендердің айтқандарыңды жазып жіберемін. Олар үшін менен жаңа жылдық сыйлық болады. | Балалар қыс мезгілі мен жаз мезгілінің ерекшеліктерін айтады<br><br>Балалар қимыл-қозғалыспен ойынды жалғастырады.<br><br>Ойыншыққа жағдаятты шешуге көмектеседі. |
| **Қорытынды бөлімі** | Қорытынды жасау. | Балалар сұрақтарға толық жауап беріп отырады. |

**Күтілетін нәтиже:** жыл мезгілдеріне байланысты балалар сөйлеу барысында антоним сөздерді қолдана білуге үйренеді.

Сканировано с CamScanner

**Бекітемін:** _[подпись]_

**МДТІЖО Шетеева Л.М.**

**№10 ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА** 10.11.

**Тәрбиеші : Балдзак Г.А.**

**Вариативтік компонент:** Триз ойындары

**Тақырыбы**: «Тұлғаның ішкі жүйесі»

**Мақсаты**:адам дене мүшелері жайлы балалардың білімін толықтыру, зейінін дамыту, салыстыра және толықтыра білуге үйрету, елестете білу қабілеттерін дамыту.

**Қолданылатын көрнекілік**: қағаздан жасалған роботтың дене мүшелері.

**Алдын ала жүргізілетін жұмыстар**:балалармен өз мүшелері және олардың не үшін қажеттігі жайлы әңгіме жүргізу.

**Билингвальды компонент**:*жүйе – система, дене мүшелері – части тела.*

| **Іс-әрекет кезеңдері** | **Тәрбиеші әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Ойыншық топқа келеді. Қолында конверті бар.<br>-Балалар маған көмектесіңдерші. Мен не істерімді білмей тұрмын.<br>Т: - жақсы, «Ойыншық» біз саған көмектесеміз. | Балалар «Ойыншықпен» амандасады.<br>Ойыншыққа көмектесетіндерін айтады. |
| **Ұйымдастыру-ізлестіру** | Ойыншық қолында қағаздан қиылған әртүрлі «дене мүшелерін» алып келгенін көрсетеді: бас, қолдар, дене, аяқтары, мойыны.<br>О: -балалар, мен үйде мынандай дингелектер, таяқшалар тауып алдым. Бірақ не екенін білмей тұрмын.<br>Т: - қанекей, сен оны кілемшенің үстіне жайып қойшы, бәріміз көрейік. (ойыншық кілем үстіне бөліктерді бытыраңқы түрде тастайды)<br>Т - балалар, сендер білмейсіңдер ме? Бұл не зат? (балалардың жауаптарын тыңдау)<br>Т: - дұрыс айтасыңдар бұлар дене мүшелері. Оларды дұрыстап орналастырсақ мүмкін бір робот шығатын шығар.<br>О: -әкеліңізші, мен білемін, мен істейін *(дене мүшелерін дұрыс орналастырмай қой* | Балалар ойыншықтың әкелген бөліктерін қарап отырады. |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | *басындағы)*<br>О: -міне енді дұрыс болды. Робот адамға ұқсас екен ғой.<br>Т: -менің ойымша нағыз адамның роботтан айырмашылығы бар. балалар, сендер қалай ойлайсыңдар?<br>Балалар роботты «адамға» айналдыруға болады ма?<br>**«Аяқ-қол мен басымыз» ойыны:**<br>Тәрбиеші әртүрлі дене мүшелерін атайды. Балалар сол аталған мүшелерді көрсетеді. Кім қателессе, сол ойыннан шығады.<br>*Талдау (не – не үшін?)*<br>Тәрбиеші адамның әртүрлі дене мүшелерін атап, сұрақ қойды. Олар не үшін қажет? Алдымен мына мүшелерді атаған жөн *(бас, қол, аяқтар және т.б)*содан соң кіші дене мүшелері аталады. *(балалар, көз, ауыз, мұрын неге басымызда орналасқан? Саусақтар, алақан, шынтақ неге қолымызда орналасқан?)*<br>***Жағдаятты шешу***<br>Т: -балалар, егер де, мынандай жағдайлар болса не болар еді?: көзіміз желкемізде, құлағымыз тіземізде, саусақтарымыз мұрнымызда болса не болар еді? | Балалар қалай істеу жолдарын айтады.<br>Балалар роботтан адамның айырмашылығын айтады.<br>Балалар роботты адамға айналдырудың жолдарын іздейді. Кейбір дене мүшелерін біріктіріп қосады, бет-бейнесін суреттейді, киімдерінің суретін салады және т.с.с.<br>Жағдаятты шешуге көмектеседі. |
| **Қорытынды бөлімі** | Қорытынды жасау. Адамға не қажеттінің бәрі өз орнында. | Балалар дене мүшелерінің өз орнында болатынын түсінді. |

**Күтілетін нәтиже:** адамның әр дене мүшесінің қажеттігін түсініп, олардың қандай қызмет атқаратынын біледі.

Сканировано с CamScanner

**Бекітемін:** 

**МДТІЖО Шетеева Л.М.**

**№11 ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА** 18.11

**Тәрбиеші : Балдақ Г.А.**

**Вариативтік компонент:** Триз ойындары

**Тақырыбы**: «Мен білетін тақпақтар»*(мнемокестелер арқылы өлең жолдарын айту)*

**Мақсаты**:Жеңіл өлең жолдарын кесте бойынша айтқызып, жаттату. Есте сақтау қабілеттерін дамытып, тілдерін жаттықтыру.

**Қолданылатын көрнекілік**: суретті тірек-сызбалар.

**Алдын ала жүргізілетін жұмыстар:**балалармен білетін өлең-жырларын еске түсіру

**Билингвальды компонент:***кірпі - ёжик, алма - яблоко, үй жануарлары - домашние животные, жабайы жануарлар - дикие животные.*

| **Іс-әрекет кезеңдері** | **Тәрбиеші әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Ойыншық топқа келеді. Қолында үлкен қорапшасы болады. Балалармен амандасып, қорпшасындағы заттарды топтастыруды ұсынады. | Балалар «Ойыншықпен» амандасады да, қандай ойыншықтар барын сұрайды. |
| **Ұйымдастыру-ізденістіру** | – қане, «Ойыншық»біз сенің қорапшаңдағы ойыншықтарды топтастыруға көмектесейік. Алдымен бізге көрсет.<br>«Ойыншық» барлық заттарды қорапшадан алып үстел үстіне қойды.<br>-Ал, енді осы заттардың (суреттердің) ішіндегі үй жануарларын ажыратып беріңдерші.<br>Осылайша «үй жануарларын», «жабайы жануарлар», «жеміс-жидектер», т.с.с. бөлек-бөлек топтастырады.<br>Т:- қазір, мен сендерге бір суреттегі затты сипаттаймын, сендер сол заттың не екенін табыңдар. *Мысалы: алма (сипаттайды - дөңгелек, қызыл түсті, дәмді, ағашта өседі, т.б.)*<br>Енді осы **«Алма»** туралы өлең жолдарын тірек-сызба бойынша жаттап көрейік.<br>Алма, алма дейсің,<br>Алма берсем жейсің,<br>Айтпады деме, | Балалар түрген ойыншықтарды ретімен орналастырады.<br>Сипаттау бойынша «Алма» екенін табады.<br>Өлең жолдарын |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | Алманы жумай жеме<br>Келесі суретті алып қарайық. Бұл не? *(кірпі)*.<br>**«Сөйлем құрату»** тірек-сызба арқылы сөйлем құрату.<br>Кірпі жайлы өлең жолдарын жаттату.<br>Кірпі, кірпі, кірпі,<br>Үстің толған ине.<br>Біреуін берші маған,<br>Қадайыншы түйме. | тәрбиешінің соңынан қайталап отырады.<br>Тірек-сызбаға қарап отырып жаттайды.<br>Бұл кірпі. Оның инелері бар, төрт аяғы бар, түсі – сұр. Орманда тіршілік етеді.<br>Балалар өлең жолдарын қайталап айтады. |
| **Қорытынды бөлімі** | О – ой, балалар, мен бүгін сендермен бірге көп өлең жолдарын үйрендім. Суреттерге жай ғана қарап қоймай, оны жандандыруға болады екен. Мен үйге барып осы суреттерді іліп, достарыма да үйретейін. Енлеше мен кеттім. Сау болыңдар балалар! | Балалар «Ойыншық» пен қоштасады. Өздері де үйреніп аламыз деп уәде береді. |

**Күтілетін нәтиже:** адамның әр дене мүшесінің қажеттігін түсініп, олардың қандай қызмет атқаратынын біледі.

Сканировано с CamScanner

Бекітемін: [signature]

МДТІЖО Шетеева Л.М.

**№12 ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА** 27.11.

**Тәрбиеші : Балдзак Г.А.**

**Вариативтік компонент:** Триз ойындары

**Тақырыбы:** Нысандар ішкі жүйесі: нысан «Шәйнек»

**Мақсаты:**Ыдыстар жайлы білімдерін кеңейту, ойларын жеткізе білуге үйрету;болжамдап айту қабілеттерінжәне ойлауды дамыту.

**Қолданылатын көрнекілік:** нақты және ойыншық шәйнектер

**Алдын ала жүргізілетін жұмыстар:**ыдыс-аяқтардың түрлерімен таныстыру.

**Билингвальды компонент:***шәйнек - чайник, ыдыс - посуда.*

| Іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиеші әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | Топқа суыққа тоңған, дірілдеп Құыршақ келеді. Ол балаларға тез арада жылынғысы келетінін айтады. «маған ыстық шәй беріңдерші, мен тоңып қалдым, тез шәй қайнатыңдаршы, балалар» | Балалар тоңған қуыршаққа қарап, көмектесетіндерін айтады. |
| Ұйымдастыру-ізлестіру | Т: - балалар, қуыршақты жылыту үшін шайды қайда қоямыз?<br>**Талқылау:***«Қай шәйнек жақсы?»*<br>Шайнек қайнағанша балалармен бірге шәйнектің не үшін қажет екенін талқылайды.<br>Т: Балалар, шәйнек бізге не үшін қажет?<br>• Шайнекті басқа ыдыстармен ауыстыруға болады ма?*(кастрюлмен немесе стақанмен т.б).*<br>• Шәйнектің жақсы жақтары мен жаман жақтарын айтайықшы.<br>• Шайнек неден жасалған?<br>• Шыныдан жасалған шәйнектер болады ма?*(қағаздан, матадан, ағаштан, пластмассадан?)*<br>*Эстафеталық ойын: «Шәйнекті толтыр».*<br>Балалар бірнеше топқа бөлінеді. Қашықтықта тұрған шайнекке стақандағы суды қасықпен тасып шәйнекке құю керек. | |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | Әрбір команда өз шәйнектеріне кезекпен су құяды, қай команда бірінші болып шәйнекті толтырса сол команда жеңімпаз болып табылады.<br>**Шәйнекті талқылау**<br>Т: - балалар, егер шәйнек болмаса не болар еді?<br>◇-----<br>Әр бала өз тарапынан жауап беріп отырады.<br>Балалар өз ойларын айтады<br>Ойынды қызығушылық танытып, жарысып ойнайды.<br>Өз ойларын білдіреді.<br>Ұстайтын құлағы, шүмегі, қабырғасы.<br>Шүмегінен шәй құю үшін. Шүмегі болмаса дұрыс құйылмайды, төгіліп күйіп калуымыз мүмкін.<br>Егер үш шүмегі болса онда ол шәйнекті кісілер келгенде қолданса тиімді болады. Өйткені анамыз асығып жатқанда тез үлгеретін болады. | |
| **Қорытынды бөлімі** | **Қорытынды:**<br>Қуыршаққа шәй беріп, шәйнектің бізге өте қажет екенін және шәйнексіз шәй іше алмайтындығымызды түсіндіру.<br>Қ: - ой, балалар, мен шәй ішіп жылынып қалдым, сендерге көп рақмет. Бірақ ыстық шәйнекті ұстағанда абай болыңдар, күйіп қалуларың мүмкін. | Балалар қуыршақпен бірге шәй ішеді. |

**Күтілетін нәтиже:** шәйнектің жақсы және жаман жақтарын ажыратып, оның қандай бөліктерден тұратынын .

Сканировано с CamScanner

Бекітемін: *[signature]*

МДТІЖО Шетеева Л.М.

**№13 ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА** 01.12

**Тәрбиеші : Балдзак Г.А.**

**Вариативтік компонент:** Триз ойындары

**Тақырыбы:** Заттардың ішкі жүйесі: нысан «Көлік»

**Мақсаты:** Көліктер туралы білімдерін толықтырып,балаларды көлік түрлерін жүйелі түрде елестете білуге, обьектіні талдай білуге және жол ережелерін сақай білуге үйрету.

**Қолданылатын көрнекілік:** жүк көлігі, ойыншық немесе әртүрлі көліктер, қағаздан жасалған бағдаршам.

**Алдын ала жүргізілетін жұмыстар:** көлік түрлерімен таныстыру.

**Билингвальды компонент:** *көлік – машина, жүк көлігі – грузовая машина.*

| Іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиеші әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Қуыршақ топқа жүк көлігімен келеді *(балаларға тез жету үшін).*<br>Т: -сәлеметсің бе, қуыршақ! Сен бізге немен келгенсің?<br>Қ: - мен балаларға тез жету үшін көлікке мініп келдім. | Балаларқуыршақты көріп шеңберге жиналып, қуыршақтың көлігін тамашалайды. |
| **Ұйымдастыру-ізлестіру** | **Т:**Балалардан мына сұрақтарға жауап берулерін сұрайды.<br>• Көлік не үшін қажет?<br>• Көліктің жақсы жағы қандай, жаман жағы қандай?<br>• Көлік қандай компоненттерден *(бөліктерден)* тұрады?<br>• Әрбір бөлшек не үшін қажет?<br>Жүретін көлік пен ойыншық көліктің қандай айырмашылығы *(ерекшелігі)* бар?<br>***Қимылды ойын: «Бағдаршам»***<br>Тәрбиеші балаларға өздерін көліктерге айналуды ұсынады.<br>Балалар сендер көлік болып жүресіңдер. Жолда жүру барысында бағдаршамға назар | Балалар тәрбиешінің берген сұрақтарына жауап беріп отырады. |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | аударуларың қажет.<br>Т: балаларға жүруге белгі беру немесе бағдаршамның түстері арқылы көрсетуге де болады.<br>Ойын барысында балаларды шатастыру үшін бағдаршамның түстерін араластырып көрсетіп отыру. *(балалар жанған белгіге қарап отырып ережені сақтауға дағдылануы тиіс).*<br>***Әңгімелесу. «Қандай көлік түрлерін білесің?»***<br>Балалардан тағы да қандай көлік түрлері болатынын сұрау.<br>Ол көліктер несімен ерекшеленеді? Барлық көліктер бірдей бола алады ма? Неге бірдей бола алмайды? Олардың айырмашылығы қандай? | Балалар «Бағдаршам» ойынын қызығушылықпен ойнайды.<br>орт, «жедел жәрдем», «сүт», «нан», «полиция» |
| **Қорытынды бөлімі** | Талқылау барысында, машиналардың немесе тиісті ойыншықтардың түрлі суреттерін пайдалану. | Балалар әртүрлі көліктерді қолданып өздері ролдерге бөлініп ойнайды. |

**Күтілетін нәтиже:** көлік түрлерін ажыратып, олардың атқаратын қызмет түрлерін меңгереді. Көліктің жақсы-жаман жақтарын ажырата біледі.

Сканировано с CamScanner

Бекітемін: [signature]

МДТЖО Шетеева Л.М.

№14 ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА 08.12

Тәрбиеші : Балдзак Г.А.

**Вариативтік компонент:** Триз ойындары

**Тақырыбы:** «Конструктор»

**Мақсаты** балаларды жұмбақ құрастыра білуге дағдыландыру; елестете білуді дамыту.

**Қолданылатын көрнекілік:** ойыншық құралдар

**Алдын ала жүргізілетін жұмыстар:** әртүрлі суреттерді қолданып, неден, қандай материалдан жасалғаны жайлы әңгімелесу.

**Билингвальды компонент:** *құрастыру – конструктор, жинау – собирать, ажырату – разбирать.*

| Іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиеші әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Қонаққа ойыншық келіп, балаларға айтады:<br>**О:**- Кеше маған конструктор сыйлады. Сондай қызықты ойын, қандай ойыншықты қалайсың соны құрастырып ала бересің. Ал, сендердің топтарында конструктор жоқ, қызық емес.<br>**Т:** - неге қызық емес? Бізде конструктор өте көп. Біздің топ тек конструктордан ғана тұрады десе де болады.<br>**О:**- қалай сонда?<br>**Т:**- тек қана конструктор емес осы жердегінің бәрі құрастырудың бөлшектерінен тұрады. Мысалы: үстел қандай бөлшектерден тұрады?<br>**О:**- 4 аяғы, отыратын бөлігі және арқасы.<br>**Т:**- өте дұрыс айтасың. Олардың аяқтарын арқасын ажыратып тастасаң, тек бөліктер ғана болады. Содан соң оны қайта құрастыруға болады.<br>**О:**- ой, дұрыс айтасыз! Тағы не бар?<br>**Т:** бірнеше затты атап, балаларға әртүрлі заттарды немесе сурет таратылады.<br>*Мысалы:* үй, пирамида, қуыршақтың кроваты, ойыншық телефон, фломастер, портфель.<br>Соңында балалардан бұл заттардың | Балалар қуыршақпен амандасып, өздерінің конструкторларын көрсетеді.<br><br>Тәрбиеші мен ойыншықтың диалогын мұқият тыңдап отырады. |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | конструктордан қандай айырмашылығы барын сұрау. | Берілген заттардың конструктордан айырмашылығын әр бала өз білгенінше жауап береді. |
| Ұйымдастыру-ізлестіру | ***Дидактикалық ойын: «Кім көп біледі?»***<br>Балаларды екі командаға бөліп,әртүрлі заттарды көрсетіп отыру. Қай команда көп жауап береді сол команда жеңімпаз болады. *(эстафета түрінде өткізуге де болады немесе доппен де өткізуге болады).*<br>***Жұмбақ шешеміз.***<br>**Т: қазір мен сендерге жұмбақ жасырамын тауып көріңдер. «Екі доңғалақ, рөл және педаль» бұл не?**<br>**О:жұмбақта тек бөліктері ғана айтылады ма? Ендеше ол «Велосипед!»**<br>**Т:тағы да жасырамын: «4 аяқты және арқасы» бұл не?**<br>**Б:тәбіретке**<br>**Т:дұрыс.**<br>**О:Көзілдірік туралы жұмбақ құрастырыңызшы.**<br>**Т:Жақсы. Көзілдірік қандай бөліктерден тұрады?**<br>**О:Олай қызық емес, ондай жұмбақтың жауабын тез тауып алуға болады.**<br>**Т:Ойыншық, асықпа! Біз әлі балалардан көзілдіріктің бөліктері неге ұқсайтыны туралы айтқан жоқпыз ғой.**<br>**Т:Ал, енді жұмбақ дайын: «екі аяқта екі көл»**<br>**О: міне енді мына жұмбақ жақсырақ. Жұмбақ жасыру үшін әр заттың бөліктері неге ұқсайтынын жасырып айту керек екен ғой.**<br>**Т:Өте дұрыс айтасың!**<br>**Балаларға өздерінің жұмбақты жасыруларын сұрау.** *(балаларды топқа бөлуге де болад)* | Балалар тәрбиешінің жасырған жұмбағын мұқият тыңдап отырып шешімін табады. |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Балалардың өздері жұмбақтар құрастырады. |
| Қорытынды бөлімі | **Қорытындылау.**<br>Ойыншық балалармен қоштасар алдында өзінің ойын білдіреді. «Айналамыздағы заттардың барлығы әртүрлі бөліктерден тұрады. Олардың барлығы конструктор болып табылады екен»<br>Т:балаларға ойыншықтың айтқанын ойланып, келесі сабақта әңгімелейтінімізді ескерту. | |

**Күтілетін нәтиже:** айналасындағы заттардың барлығы құрастырылып және олардың қандай бөліктерден тұратынын біледі.

Сканировано с CamScanner

**Бекітемін:** [signature]

**МДОІЖО Шетеева Л.М.**

**№15 ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА** 15.12

**Тәрбиеші :Балдзак Гүлсезім Айдарқанқызы**

**Вариативтік компонент:** Триз ойындары

**Тақырыбы:** «Үйшік»

**Мақсаты:**баланың ойлау қабілетін арттырып,ортақ белгілерін салыстыра білуге үйрету.

**Қолданылатын көрнекілік:** суретті карточкалар, қағаз, сия.

**Алдын ала жүргізілетін жұмыстар:** «Теремок» ертегісін оқып беру,оны өзгертілген түрінде ұсыну.

**Билингвальды компонент:***үйшік – теремок*

| **Іс-әрекет кезеңдері** | **Тәрбиеші әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Топқа Ойыншық келіп, балаларға «Үйшік» ертегісін естеріне түсіріп, «Үйшік» ойынын ойнағысы келетінін айтады. | Балалар «Үйшік» ертегісін естеріне түсіреді. Ойнауға келіседі. |
| **Ұйымдастыру-іздестіру** | 1. ***«Үйшік» ойыны.***<br>*Ойынның барысы:*әр бала бір-бір суреттен алады және өзіне тиген затты ойнайды.Тәрбиеші бір баланы үйшіктің иесі етіп алады немесе Ойыншықты үй иесі етіп қояды. Ал, қалған балалар үйшікке кезекпен келіп, келесі диалогты жүргізеді.<br>- Тук,тук, бұл үйшікте кім тұрады?<br>- мен, *(өзін атайды,мысалы: гитара).*<br>- Ал сен кімсің?<br>- мен – (өзін атайды,мысалы: алма).<br>- Мені үйшікке кіргізесің бе?<br>- егер сен маған екеуміздің ұқсас жерімізді тауып айтсаң, мен сені үйшігіме | Балалар өздеріне тиесілі суреттерге қарап алып, үйшікке барғанда Үйшіктегі затпен өзін салыстырып, ұқсастықтарын атайды. |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | жүргіземін. *(Қонақ екі суретке қарап, айырмашылығын анықтап, айтуы керек).* Мысалы: гитара мен алмада - таякша бар.<br>Осы ретпен ойын одан әрі жалғаса береді.<br>Екінші рет қайталап ойнағанда балалар суреттерімен ауысып ойнауына болады.<br>1. ***«Сахналау» ойыны.***<br>Тәрбиеші бір затты атайды немесе суретін көрсетеді, ал, балалар сол затты қимыл-қозғалыспен көрсетуі тиіс. *(сыртқы ұқсастығын, қимылын немесе қандай дауыс шығаратынын т.б.)*.<br>Тәрбиеші тапсырманы қалай көрсету керек немесе салу керектігін көрсетпейді. Балалар өздері жасайды. Жақсы көрсеткен баланы атап отыру керек.<br>1. ***«Дақтар» жаттығу.***<br>Ойыншық балаларға қағаз бетіндегі үлкен дақты көрсетеді және оның неге ұқсайтынын сұрайды. Ол дақты жан-жаққа аударып қарауға болады.<br>Содан соң тәрбиеші балаларға өздері сондай дақты істеуге ұсыныс жасайды: қағазды екіге бүктеп ортасын ашып, бір жағына гуашты тамызып, қағаздың екінші жағын беттестіріп жабады. Дақ қағаздың екінші бетіне түседі.<br>Қағаз бетіне түскен дақты аяқтап суретін салу керек. | Бір-бірінің суреттерімен ауысады.<br>Көрген затты қимыл-қозғалыспен немесе ыммен, дауыс ырғағымен түсіндіріп, көрсетіп отырады.<br>Қағаз бетіндегі дақтың неге ұқсайтынын елестетіп, болжамдар айтады.<br>Өздері де сондай дақты қағаз бетіне түсіреді. |
| **Қорытынды бөлімі** | **Қорытындылау.**<br>Дақтардан салынған суреттерден көрме ұйымдастырып, олардың неге ұқсап тұрғандарын балалармен бірге ажыратып әңгімелеу. | Әр бала өз жұмыстарын көрмеге орналастырып, олардың неге ұқсап тұрғандарын айтады. |

**Күтілетін нәтиже:** заттарды бір-бірімен салыстырып, олардың айырмашылықтарын, ұқсастықтарын ажырата білу.

Сканировано с CamScanner

Бекітемін: [signature]

МДОІЖО Шетеева Л.М.

## №16 ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА 22.12

**Тәрбиеші :Балдзақ Гүлсезім Айдарқанқызы**

**Вариативтік компонент:** Триз ойындары

**Тақырыбы:** «Кішкентай адамдар»

**Мақсаты:** балаларды «Кішкентай адамдар» әдісімен таныстыру. Балалардың қатты заттарды елестете отырып, қимылмен көрсете білулерін және салыстыра отырып қызығушылық танытуға дағдыландыру. Жағдаятты талдауға үйрету.

**Қолданылатын көрнекілік:** доп, резеңке

**Алдын ала жүргізілетін жұмыстар:** суреттер дайындау.

**Билингвальды компонент:** *кішкентай адамдар – маленькие человечки*

| Іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиеші әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | 1. ***«Қандай зат бөлшектерге бөлінбейді?»***<br><br>Балаларға өткен сабақта ойыншықтың айтқан сөздерін естеріне түсіру. «Барлық зат бөлшектерден тұрады». Балалардан кірпіштің неден жасалғанын сұрау. *(қағаз, сабын, тас).*<br><br>Балалардың болжамды жауаптарын тыңдау: «Кірпіш кішкентай ұсақ кірпіштерден құралады», «Сабын ұсақ сабындардан құралады» т.б.<br><br>Балалардың жалпы жауаптарын тыңдап, бұл «кішкентай бөлшектер» олар «молекулалар» деп аталады. Жаңағы айтылған кірпіш, сабын, су, қағаздар малекулалардан тұрады.<br><br>Малекуланың не екенін сендер мектепте оқығанда білетін боласыңдар. Ал оған дейін біз оларды «кішкентай адамдар» деп атайық. Барлық заттар әртүрлі адамдардан тұрады. Үй, көлік, үстел – бұлар әртүрлі заттар, бір-біріне ұқсамайтын қатты заттар, бірақ «кішкентай адамдар» бір-біріне ұқсайды. Қатты заттардың «адамдары» бір- | Балалар кірпіштің неден жасалғанын айтады.<br><br>Тәрбиешінің «Кішкентай адамдар» туралы айтып жатқанын мұқият тыңдап отырады. |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | бірінің қолдарын қатты ұстап тұрады. | |
| Ұйымдастыру-ізденістіру | ***2.Дидактикалық ойын: «Қатты затты ата!»*** ойын доптың көмегімен ойналады. Доп кімнің қолына түсесе сол бала қатты заттарды атайды. Кім қателесе немесе айтылған затты қайталаса ойыннан шығады.<br>***3. Көрініс «Кішкентай адамдар»***<br>Балаларға «кішкентай адамдар» болуды ұсынып, сымға, ағаш дініне және сіріңкеге ұқсап тұруларын өтіну.<br>Аталған заттарға анализ жасау: неге сымды майыстырамыз,*(өйткені сым жұмсақ)* ал ағаш дінін майыстыра алмаймыз?*(өйткені ол қатты)* Неге сіріңке майыспайды, сынып қалады?*(өйткені ол жіңішке және ағаштан жасалған)*<br>Резеңкені созып көрсетіп, неге ол созылатынын сұрау? Тартылып тұрған резеңкені жіберіп қалса не болады? | Балалар қатты заттарды ажыратып білетіндерін көрсетіп қатты заттарды атап отырады.<br>Балалар бір-бірінің қолдарынан ұстап бір сызық бойында тұады.<br>Балалар өз ойларын білдіреді.<br>Резеңкені жіберіп қалса қолымызға қатты тиіп ауыртатынын біледі. |
| Қорытынды бөлімі | **Қорытындылау.**<br>Қоршаған ортадағы заттардың барлығын модельдеуге (икемдеуге) болатынын айтып түсіндіру. | Өздеріне таныс заттарды атап оларды моделдеді. |

**Күтілетін нәтиже:** айналасындағы заттардың барлығында «кішкентай адамдар» яғни «молекулалардан» тұратынын білді.

Сканировано с CamScanner

**Бекітемін:** *[подпись]*

**МДОІЖО Шетеева Л.М.**

## №17 ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА 12.01

**Тәрбиеші :Балдзақ Гүлсезім Айдарқанқызы**

**Вариативтік компонент:** Триз ойындары

**Тақырыбы:** «Қатты және сұйық адамдар»

**Мақсаты:** балалардың ойлау қабілеттерін дамыту; сұйық заттарды елестете алуларын бекіту; берілген заттарды салыстыра отырып қорытындылай білуге үйрету.

**Қолданылатын көрнекілік:** қағаздан жасалған қорапша, суы бар стакан, кубиктер.

**Алдын ала жүргізілетін жұмыстар:** суреттер дайындау.

**Билингвальды компонент:***қатты– твердое, сұйық – жидкое.*

| Іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиеші әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | Қонаққа қуыршақ келіп:<br>-Кеше жексенбі күні мен Қар Ханшайымының туған күнінде болдым. Солтүстік өңір сондай әдемі екен. Айналаның барлығы жылтырап құлпырып тұрады екен. Әсіресе маған өте жұқа, түсі мұз сияқты ыдыс ұнады. Қар Ханшайымы маған естелік ретінде бір кесесін сыйлады. Мен оны қорапшаның ішіне сынып қалмас үшін салып қойдым. Мен ол сыйлықты сендерге көрсетуге әкелдім. Қазір көрсетем... | Балалар қуыршақпен амандасып, оның Қар Ханшайымынан алған сыйлығын естіп, оны тез көруге асығып отырады. |
| Ұйымдастыру-ізденістіру | 1. ***«Жағдаятты шешу»***<br>Қуыршақ қорапшаны ашса ішінде ештеңе де жоқ, түбі суланып жатыр екен.<br>• Ой, ол қайда кетті? Қайда жоғалып кетуі мүмкін?<br>Әңгіменің барысында Қар Ханшайымының берген кесесі мұздан жасалғанын түсінеді. Оның мұздан | Қуыршаққа ол кесенің еріп кеткенін айтады. Өйткені қорапшаның түбі суланып тұрғанын көрсетеді. |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | жасалғанын жылы жерге келгенде еріп кеткенін түсінеді.<br><br>***2.Қатты және сұйық затты салыстыру.***<br><br>Мұз. Балалар мұз да сиқырлы екен. Ол өте қатты зат, оның ішіндегі «адамдар» қолдарынан қатты ұсталып тұр екен. Жылы болған уақытта олар қолдарын жіберіп, салбырап, сұйық суға айналады. Сумен не істеуге болады? Ал, мұзбен не істеуге болады? *(стақанға су, және мұз салып қою)* балалардың жауаптарын тыңдау.<br><br>Ал, егер суды шүберекті қапқа құйсақ ол ағып кетеді, ал, мұзды салсақ не болады?<br><br>***3. «Қатып қал» ойыны***<br><br>Балалар топтың ішінде еркін жүреді. Тәрбиеші белгі берген уақытта *(сылдырмақпен)*, балалар жүрген жерінде қатып қалады. Қайта белгі берген уақытта еріп, еркін жүреді. Ойын осылай жалғасады.<br><br>1. **«Жағдаятты модельдеу»**<br><br>Тәрбиеші балаларға «Сүмелек мұздың» көрінісін көрсетулерін сұрайды.<br><br>• Күннің көзі жылуын көбірек берген уақытта не болады?<br>• Сүмелек мұздар ерігенде қандай күйге айналады? | Балалар қатты заттарды ажыратып білетіндерін көрсетіп қатты заттарды атап отырады.<br><br>Сумен не істеуге болатынын айтады.<br><br>Балалар бір-бірінің қолдарынан ұстап бір сызық бойында тұрады.<br><br>Қимылмен көрсетеді.<br><br>Барлығы еріп кетеді. |
| **Қорытынды бөлімі** | **Қорытындылау.**<br><br>Балалар, осы адамдар жерде емес суда жүруі мүмкін бе?<br><br>*(балалардың жауаптарын тыңдау)* | Әр бала өз ойларын айтады. |

**Күтілетін нәтиже:** айналасындағыберілген заттарды салыстыра отырып қорытындылай білуге үйрену.

Сканировано с CamScanner

**Бекітемін:** 

**МДОІЖО Шетеева Л.М.**

**№18 ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА** 19.01

**Тәрбиеші :Балдақ Гүлсезім Айдарқанқызы**

**Вариативтік компонент:** Триз ойындары

**Тақырыбы:** «Газ тәрізді адамдар»

**Мақсаты:** балалардың ойлау қабілеттерін ынғайту; газ тектес заттарды балалардың танымдық қасиетінеұғындыру; қиялын дамытып, «кішкентай адамдарға» айналып, көрсете білуге үйрету.

**Қолданылатын көрнекілік:** «кішкентай адамдар» карточкалары

**Алдын ала жүргізілетін жұмыстар:** суреттер дайындау.

| **Іс-әрекет кезеңдері** | **Тәрбиеші әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | 1. ***«Жағдаятты талдау»***<br><br>Қонаққа құыршақ келіп:<br><br>-Кеше көшеде келе жатқанымда «қатты адамдардың» бар екені есіме түсті, олар бір-бірінің қолдарынан ұстайды, және «сұйық адамдар» бар, олар бір-бірінің қолдарынан ұстамайды. Олар жай ғана жүреді немесе тұрады. Бір кезде қарасам алдымда қақпа тұр– біресе ашылады, біресе жабылады. Жақындап келіп қарасам ешкім жоқ. Ал қақпа болса ашылып-жабылып тұр. Сонда қақпаны кім ашып-жауып тұрған?<br><br>(балалардың жауаптарын тыңдап, соңында ол қақпа желдің күшімен ашылып-жабылып тұрғанын анықтау. | Балалар қуыршақпен амандасып, оның көрген жағдайын тыңдап, өз ойларын айтады. |
| **Ұйымдастыру-іздестіру** | **2. *«Газ тәрізді адамдар» жайлы әңгімелесу.***<br><br>*Үлгі сұрақтар:*<br><br>• Жел дегеніміз не?<br>• Желді көре аламыз ба?<br>• Адамдар ауа райы жел екенін қандай белгілер арқылы біле алады?<br>• Жел қандай –қатты ма әлде сұйық па? | Балалар берілген сұрақтарға жауап айтады. |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | *Жел* – бұл ауаның күшті қаламы. Ауа «газ тәріздес аламдардан» тұрады. Бұл «адамдар» өте жылжымалы, олар қайда барғысы келеді, әгни жан-жаққа жүгіріп отырады. Егер алақанымызды ашып үрлесек «газ тәріздес аламдарды» сезіне аламыз.<br><br>Кейбір «газ тәріздес аламдарды» су қайнап жатқанда көруге болады. Олар буға айналады. *(шәйнекті қайнатып көрсетуге болады).*<br><br>***3. «Кішкентай адамдар» ойыны***<br><br>Тәрбиеші «қатты», «сұйық», «газ тәріздес» деген сөздерді айтқанда, балалар сол тәріздес аламдарға айналып отырулары қажет. Қолдарынан ұстау керек пе әлде, бос жүру керек пе, немесе топтың ішінде жүгіру керек пе екенін ажыратып, ойынды ойнайды.<br><br>**4.«Кішкентай аламдар» карточкалар мен жұмыс.**<br><br>Карточкалар жиынтығын дайындап, кішкентай аламдардың қайсысы: қатты – қолдарынан ұстау, сұйық – қолдарын белдікте ұстау, газ тәріздес – жүгіреді.<br><br>Тәрбиеші балаларға түрлі суреттерді таратып, берілген суреттерді «кішкентай аламдар» тәріздес болып көрсетулерін сұрау. | Берілген ақпаратты мұқият тыңдап, алақандарын ашып, үрлейді.<br><br>Балалар өз ойларын білдіреді.<br><br>Ойынды қызығушылықпен ойнайды.<br><br>Берілген суретерді қарап, олардың қатты, сұйық, газ тәріздес екендігін көрсетеді. |
| **Қорытынды бөлімі** | **Қорытындылау.**<br><br>Балалар, міне, кез келген заттарда «кішкентай аламдар» өмір сүреді екен<br><br>***(балалардың жауаптарын тыңдау)*** | Әр бала өз ойларын айтады. |

**Күтілетін нәтиже:** айналасындағы берілген заттарды «кішкенай аламдар» сияқты модельдеп көрсете білу.

Сканировано с CamScanner

Бекітемін: *[signature]*
МДОІЖО Шетеева Л.М.

**№19 ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА** *26.01*

**Тәрбиеші :Балдақ Гүлсезім Айдарқанқызы**

**Вариативтік компонент:** Триз ойындары

**Тақырыбы:** «Түрлі-түсті адамдар»

**Мақсаты:** балалардың ойлау қабілеттерін күшейту; ой-қиялын дамыту; заттардың әртүрлі қасиеттерін түсіндіру.

**Қолданылатын көрнекілік:** мөлдір түсті дөңгелек, бояу, қылқалам

**Алдын ала жүргізілетін жұмыстар:** балаларға бояумен және қылқаламмен қалай жұмыс жасау керек екенін көрсету.

**Билингвальды компонент:** *түрлі түсті– цветные, түрлі түсті адамдар– цветные человечки.*

| Іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиеші әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | 1. ***«Жағдаятты талдау»***<br><br>Қуыршақ сабаққа көңілсіз болып келеді. Балалар мен тәрбиеші оған не болып қалды екен деп уайымдайды. «Не болды?» деп сұрайды.<br><br>**О:** - менің сурет салғым келді. Сол суретімді сендерге әкелмекші болғанмын, бірақ менен ештеңе де шықпады. Менің бояуым мен қылқаламдарым өте жақсы әрі жап-жаңа. Не болғанын білмейім ештеңе сала алмадым.<br><br>Соңында балалардың жауаптарын тыңдап, Қуыршақтың қылқаламды суға салып бояуды араластырмағаны белгілі болады.<br><br>**Т:** «Бояу адамдар» қатты, олар ұйықтап жатыр. Оған су құйып ояту керек. Қылқаламды бояуға салып араластырғанда «қылқалам адамдар» бір-бірінің қолдарынан ұстап, «су адамдарын» қағаз бетіне апарады. Содан соң «бояу адамдар» мен «қылқалам адамдар» бірге ұстасқан уақытта сен қылқаламды тығыз қағаз бетіне жаққанда | Балалар қуыршақпен амандасып, оның суреті неге дұрыс болмағанын анықтап, әр бала өз ойларын айтады<br><br>Қуыршақтың қылқаламды теріс ұстағанын көріп, қалай ұстау керектігін көрсетеді. |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | олар қағаз бетінде қалады.<br>**О:-мен бәрін түсіндім. Енді сурет саламын.** *(қылқаламды теріс жағынан ұстап бояуға салады)*<br>**Т: Сен қылқаламды дұрыс жағынан ұстаған жоқсың.**<br>**О: бәрібір емес пе?**<br>**Т: қылқаламның бір жағы ағаш қатты болады ол жағымен «су адамдары» ұстаспайды, ағып кетеді. Ал екінші жағы үлпілдек қылды. Сол қылға «бояу адамдар» және «су адамдар» ажырамай қағаз бетіне түседі.** | |
| **Ұйымдастыру-ізденістіру** | **2. *«Сиқырлы жол» жаттығу.***<br>**О: - рақмет, енді мен бәрін түсіндім. «сиқырлы жолдың» суретін саламын.** *(қуыршақ түрлі бояулармен төртбұрышты жолдарды салады).*<br>**Т: - қандай әдемі жолдар. Неге оны «Сиқырлы жол» дедің?**<br>**О: - өйткені оның үстімен жүргенде түстері өзгеріп отырады. Қараңыз: мынау дөңгелек – ол басында ақ болды, содан соң қызыл, жасыл, сары болады.** *(мөлдір түсті дөңгелек).*<br>**Т: - мүмкін бұл дөңгелек басқа заттарға да айналатын шығар?**<br>**О: - әрине, егер ол ақ түсті дөңгелектің үстіне қойсаң – одуванчик болады, ол дөңгелек және ақ түсті ғой. Ал, қызыл түсте – шие немесе қызанақ болады. Ал сары түсте - ....**<br>**Т: - тоқта, мүмкін балалар айтып көрер?**<br>**3. *«Түрлі-түсті бағдаршам» ойыны***<br>**Ойын шарты: тәрбиеші кез келген түсті атайды. Балалар кімнің үстінде сол түстер бар, соларды барып ұстайды. Ал, кімнің үстінде сол түс жоқ болса, қалған балалармен қосылып ұстауына болады. Ұсталып қалмауы тиіс.** | **Балалар қуыршақтың сиқырлы жолын тамашалап, оны неге «сиқырлы жол» екенін тыңдап отырады.** |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | **4.«*Сиқырлы жол*» *жаттығуы* (*жалғасы*)**<br>**Т: - сенің түрлі-түсті жолында «кішкентай адамдардың» жүргенін қалайсың ба?**<br>**О: - әрине, болады.**<br>**Т:- «қатты адамдар» бірінші болады. Ақ және қатты – бұл не болады?**<br>**Б:- бор, қабырға, тіс...**<br>**Ойын басқа түсті бояулармен ойнатылады. Бояулардың «саяхаты» және «сұйық және газ тәріздес адамдары» аяқталады.** | **Балалар берілген сұрақтарға жауап айтады.** |
| **Қорытынды бөлімі** | **Қорытындылау.**<br>**Балалар, мінекей кез келген заттарда «кішкентай адамдар» өмір сүреді екен. Жаңа сендер қара түсті бояуды қолдандыңдар. Қалай ойлайсыңдар «Қара газ тәріздес адамдар» не бола алады? (*түтін*).**<br>***(балалардың жауаптарын тыңдау)***<br>**Қорытындылау барысында қара түтіннің жақсы-жаман жақтарын ажырату.**<br>**Соңында балалардың ойын тыңдап болған соң «әрқашан аспанымыз ашық, әрі таза болсын» деп тілейміз.** | **Әр бала өз ойларын айтады.**<br>**Аспанымызда ешқандай қара түтін болмасын, таза болсын!** |

**Күтілетін нәтиже:** айналасындағы берілген заттардың барлығында «кішкенай адамдардың» бар екенін түсіну.

Сканировано с CamScanner